# Ән сүйер жүрек

## Аудандық мәдениет үйінің әншісі Ғалымжан Маутановтың жеке ән кеші өтті

**Қарашаның 14 жұлдызында аудандық мәдениет үйінің төрінде «Юбилейный» мәдениет үйінің әншісі Ғалымжан Маутановтың жеке ән кеші ұйымдастырылды.**




Аудан әкімі Ғабит Бекбаев пен Жанат Таженова алғыс хаттармен марапаттады



Сахна төрінде достары мен әріптестері гүл шоқтары мен сыйлықтарын табыс етті

Ғалымжан Маутанов 1961 жылы Қостанай облысы, Майталап ауылында дүниеге келген. Меңдіқара өңіріне 1982 жылы қоныс аударып, аудандық мәдениет үйінде 2006 жылдан бері адал қызмет жасап келеді. Өмірінің көп бөлігін өнер мен туған жерінің мәдениетінің дамуына өз үлесін қосу үшін қиындыққа қарамай тек алға жүре білген жігерлі, дарынды жандардың бірі.

Мерекелік кешке аудан әкімі Ғабит Бекбаев қатысып, өз құттықтау тілегін білдіріп, Ғалымжан Маутановпен бірге сахна төрінде ән шырқады.

-Ғалымжанның шығармашылық кеші өте жоғары деңгейде өтуде. Бүгінгі ретро концерт орта жастағы адамдар үшін керемет кеш деп білемін. Себебі, жас кездеріңізде тыңдаған әндеріңізді сүйікті әншілеріңізден тыңдау жастық шақты еске алуға үлкен мүмкіндік. Ғалымжан Тауқашұлы Меңдіқара өңіріндегі өнердің дамуына өз үлесін қосқан азаматтардың бірі. Ғалымжан Тауқашұлының өнер жолына сәттілік тілей отыра, өнеріңіз өрге жүрсін деп тілеймін, - дейді аудан әкімі Ғабит Бекбаев

Мерекелік жиында Ғалымжан Тауқашұлын қолдау мақсатында өнердегі әріптестері Азат Тобылұлы, «Березка» вокалдық тобы, «Подвиг» халықтық хоры, Ғалымжан ағамыздың қарындасы Тоғжан мен күйеуі Олег Медведевтар сахна төрінде ән шырқап, көрермен көңілін көтерді.

Музыкалық бағдарламада Ғалымжан Маутановтың қазақ, орыс, өзбек және үнді тілдеріндегі үздік әндері шырқалды. Ғалымжан ағамыздың жақындары, достары, әріптестері қатысып, сахна төріне гүл шоқтары мен өз сыйлықтарын табыстады.

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жанат Таженова Ғалымжан Маутановқа көп жылғы адал еңбегі үшін алғыс хатын табыс етті.

-Бүгінгі жеке ән кешімнің негізгі тақырыбы ретро стилінде өткізу еді. Яғни, мені тыңдайтын көрермендер легі орта жастағы адамдар. Сол орта жастағы адамдардың жастық шағында тыңдаған әндерін өзімнің орындауымда тыңдармандарыма сыйлап, көңілдерін көтеру басты мақсатым болды.



Тыңдармандар әншімен қосыла ән шырқап, би биледі

сін айрықша қосып, 1990 жылдардың қиындығына қарамай, Борки ауылдық клубын біраз жетістіктерге жеткізген жандардың

Әртістің жарқын сахналық бейнелері, әндердің тамаша орындалуы көрермендерің көңілінен шықты. Концертте Ғалым-

Бүгінгі кеште шырқаған әндерім көрермендердің көңілдерінен шыққанын көріп, риза болып отырмын. Өзімнің шығармашылық

жолымда мен аудан әкімі Ғабит Бекбаев пен бүгінгі кештің ұйымдастырылуына өз көмегін көрсеткен

барша әріптестеріме, жақындарыма өз алғысымды білдіремін, - дейді Ғалымжан Маутанов

*Ақжан* **БАЙТҰРСЫНОВА**
*Суреттерді түсірген автор*



"Сахнада жүрген әріптестеріме өз алғысымды білдіремін"